

**«Көсембай негізгі мектебі» КММ**  
**Көсембай негізгі мектебі бойынша 2023-2024 оку жылында атқарылған**  
**әлеуметтік-педагогикалық жұмысының**  
**талдауы**

2023-2024 оку жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оку жылының басында КР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №472 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмөндегі алты бағыт бойынша үйімдастырылды:

<i>I. Сыныптарга, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу</i>												
<i>II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы</i>												
<i>III. Эртүрлі есепте тұрган оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс</i>												
<i>IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы үйімдармен (кәмелетке толмагандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмагандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы</i>												
<i>V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс</i>												
<i>VI. Диагностикалау-талдау қызметі</i>												
<b>I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:</b>												
Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. «Мектеп және отбасы» ата-аналармен тренинг өткізілді. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмөндегі кестеде 2023-2024 оку жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:												
<table border="1"><thead><tr><th>Әлеуметтік мәртебесі</th><th>Толық отб.</th><th>Толық емес отб.</th><th>Әкесі жок балалар</th><th>Көп балалы отб.</th><th>Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар</th></tr></thead><tbody><tr><td>2023-2024 оку жылы</td><td>34 отбасы/60 бала</td><td>4 отбасы/8 бала</td><td>2 отбасы/3 бала</td><td>15 отбасы/32 бала</td><td>1 отбасы/1 бала</td></tr></tbody></table>	Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Әкесі жок балалар	Көп балалы отб.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	2023-2024 оку жылы	34 отбасы/60 бала	4 отбасы/8 бала	2 отбасы/3 бала	15 отбасы/32 бала	1 отбасы/1 бала
Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Әкесі жок балалар	Көп балалы отб.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар							
2023-2024 оку жылы	34 отбасы/60 бала	4 отбасы/8 бала	2 отбасы/3 бала	15 отбасы/32 бала	1 отбасы/1 бала							

**II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.** Оку жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен акпараттық стендтер үйімдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. «Қайырымды істер марафоны» акциясы бастау алды. Жастардан құралған волонтерлер ігі істер жасап, оны әр адамға үлгі болуы үшін әлеуметтік желілерде бөлісті. «Мен және менің құқықтарым» оқушыларға кеңес берілді.

Мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығының қалған білім алушылар анықталмады. Білім алушылардың сабакта бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік

мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акцияясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей:

№	Оқушының аты-жөні	сумасы	Заттың атауы	демеуші
1	Сагидолла Нұрсауле	10 000	Мектеп формасы, оқу құралы	Мектеп мұғалімдері
3	Абдолова Жаңагүл		Оқу құралдары	Самұрық Қазына
7	1-сынып оқушылары		Сөмке, оқу құралдары	Т.Салпыков «Анвар» ЖШС директоры
8	Танағұлы Мейірбек		Сөмке, оқу құралдары	Жұлдызай

**III. Эртүрлі есепте тұрган оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.**  
Мектебімізде әртүрлі есепте тұрган білім алушылар туралы сандық акпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұргандар – 0.

Тәуекел топтағы оқушылар – 0.

Аудандық ПБ есебінде тұргандар – 0.

Есепте тұрган оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» тақырыбында 5-6-7 сынып оқушыларымен дәңгелек үстел өткізілді.

**IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамкоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.**

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымдылық - жүректен», «Азық-түлік карзинасы» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қарожатқа төрт отбасына азық-түлік алып беруге жұмсалды және мереке қарсанында жалғыз басты әкеге азық-түлік беріліп балаларына сыйлық табысталды. Сондай-ақ «Жанашыр жүрек» акциясы ұйымдастырылды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагеръмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

**V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.**

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не аласымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

• Ата-анаға түрлі мәселелер (каржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналышына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналышында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Отбасындағы қатігездікке жол жоқ» ата-аналармен тренинг, «Менің ұстанымым» бала тәрбиесіне қатысты сауалнамалар алынды.

## VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

*Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып тәмендеғідей ұсыныстарды келер оқу жылында жасайдын:*

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік -педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп-ата-ана-оқушы» моделі негізінде жұмысты жсандандыру;
2. Сынып жетекшілерге ата-анамен дұрыс-қарым-қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық түргыда қолдау көрсету;
3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік -педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.

**Білім болімінен келген қатынас негізінде өткізілген жұмыстар:**



Нравится akkoshkaroversalayn и ещё 17

көсембай2024 Көсембай негізі мектебінде 5-9-сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» тақырыбында кезекті сабакы өтілді.

Мақсаты: Интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану мәселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру.

Өткізген педагог-психолог Р.Шутенова, әлеуметтік -педагог М.Сисенов #атааналарды педагогикалыққолдау


#атааналарды педагогикалыққолдауорталығы

#біртұтас\_тәрбие #біртұтас\_тәрбие\_актөбеоблысы

@medetbekovameruegt @oqu\_agartu\_ministrligi

@gani.beisembayev #@aqtobe\_bilim\_basqarmasy


@oil\_bilim\_bolimi @aqtobe\_bilim\_basqarmasy



Нравится esmukhannurgaliev и ещё 18

**kosembai2024** Кесембай негізгі мектебінде "Досболlike: достық қолын ұсын" тақырыбындағы акция жоспары аясында 2-3-класс оқушылары арасында "Миллион кімге бұйырады сайысы өтілді. Өткізген: М. Сисенов

kosembai2024



Нравится esmukhannurgaliev и ещё 14

**kosembai2024** Кесембай негізгі мектебінде 25-қазан Республика күніне орай 7-9-сынып "Жанашыр жүрек" акцисы аясында ауылымыздагы зейнеткерлік жастағы, жалғыз басты анаға барып үйнің айналасынан қоқыстардан тазарту жұмыстарына комектесті.

@oily\_bilim\_bolimi @aktobe.akimat  
@aqtobe\_bilim\_basqarmasy @oily\_akimdig  
#республикакүніақтөбе2023  
#біртұтастәрбиебағдарламасы #жанашыржүрек


InCollage



Нравится esmukhannurgallev и ещё 17  
кosembai2024 "Терроризм мен экстремизмнің алдын алу және ескертү шаралары" тақырыбында М.Сисенов ата-аналарға жаднамалар таратып түсінік жұмысын жүргізді. Мақсаты: діни экстремизм мен терроризмнің мағынасын түсіндіру, курс жолдары туралы акпараттандыру.



kosembai2024



Нравится esmukhannurgallev и ещё 20  
кosembai2024 Кесембай негізгі мектебінде салауатты өсір саштың насихаттая барысында әлеуметтік педагог М. Сисенов "Толағай" отбасылық эстафеталық сайысын үйымдастырды. Мақсаты: ата-ананың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, мектеппен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, окушыларды салауатты өмір салтын сақтауға шақыру.  
@oily\_bilim\_bolimi @aqtobe\_bilim\_basqarmasy  
@oily\_akimdigil @aktobe.akimat



Олеуметтік педагог: М.Сисенов



Нравится akkoshkaroversaiup и ещё 17  
kosembai2024 Кесембай негізгі мектебінде 5-9-сынып оқушыларының ата-аналарын педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес «Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері» тақырыбында кезекті сабагы өтілді.  
Мақсаты: Интернет ресурстарын қауіпсіз пайдалану маселесі бойынша ата-аналардың білімін арттыру.  
Өткізген педагог-психолог Р.Шутенова, әлеуметтік педагог М.Сисенов #атааналардынпедагогикалыққолдау #атазамалардынпедагогикалыққолдаудынорталығы



kosembai2024



Нравится elemesova80 и ещё 14  
kosembai2024 Кесембай негізгі мектебінде "Қайырымды істер марафоны акциясы" аясында әлеуметтік педагог М.Сисенов "Жанынды жүр жақсы адам" атты кездесу кешін үйымдастырды. Мақсаты: Білім алушыларға педагогикалық-әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету. @oily\_bilim\_bolimi @aqtobe\_bilim\_basqarmasy @oily\_akimdigil @aktobeakimat

Әлеуметтік педагог : М.Сисенов